

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 сәуірдегі N 376 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 маусымдағы N 693 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оларға сараптамалар жүргізуді қаржыландыру үшін республикалық инвестициялық жобалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 сәуірдегі N 376 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген 004 "Республикалық инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және сараптама жасау" республикалық бюджеттік бағдарламаның қаражаты есебінен Техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеу және оларға сараптамалар жүргізуді қаржыландыру үшін республикалық инвестициялық жобалардың тізбесінде:

мынадай мазмұндағы бөліммен және реттік нөмірі 4-жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
4 Астана қаласында 500 төсекке арналған
Республикалық ана мен бала ғылыми
орталығын салу 54 000";

"Жиыны" деген жолда "110850" деген сандар "164850" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі